



010000, Астана, Парламент Мәжілісі

010000, Астана, Мажилис Парламента

201\_\_ жылғы “\_\_\_\_\_” \_\_\_\_\_

«\_\_» \_\_\_\_\_ 201\_\_ года

№ \_\_\_\_\_

2017 жылғы 5 сәуірде  
жарияланды

**Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі  
Б.Ә. Сағынтаевқа**

### Депутаттық сауал

#### Құрметті Бақытжан Әбдірұлы!

Өзіңіз білетіндей, Қазақстан аумағының сумен қамтамасыз етілуі еуразия құрлығындағы елдер ішінде ең төмен деңгейде.

Президент Н.Назарбаевтың «Қазақстан-2050» Стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Жолдауында су ресурстарының аса тапшылығы ХХІ ғасырдағы он жаһандық сын-қатердің бірі ретінде аталды.

Осыған байланысты, Үкіметке дәйекті түрде, бірінші кезеңде 2020 жылға қарай – тұрғындарды ауыз сумен қамтамасыз ету, екінші кезеңде 2040 жылға қарай – суару проблемасын шешу, ал 2050 жылға қарай осы проблеманы түбегейлі түрде шешу тапсырылды.

Сонымен бірге, Үкіметтің кеңейтілген отырыстары (2016 жылғы 9 қыркүйектегі, 2017 жылғы 3 ақпандағы) барысында Мемлекет басшысы су ресурстарын тиімді түрде топтастыру және пайдалану мәселелеріне бірнеше рет жіті назар аударды.

Президенттің бастамасына орай және оның тікелей қатысуымен Ертіс, Қорғас, Жайық, Сырдария, Шу және басқа да бірқатар өзендердің суларын әділетті түрде бөлу бойынша Қазақстанмен шектесіп жатқан Қытаймен, Ресеймен, Өзбекстанмен, Қырғызстанмен келіссөздер жүргізіліп жатыр.

Әсіресе, бұл Президент бекіткен «Агроөнеркәсіптік кешенді дамытудың 2017 – 2021 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын» іске асыру шеңберінде өте өзекті бола түседі, онда суармалы жерлерді қалпына келтіру және ауылдық аумақтарды жеткілікті су көлемімен қамтамасыз ету міндет етіп қойылған.

Мемлекет басшысы алға қойған осы міндеттің ықтимал құрамдас шешімдерінің бірі Оңтүстік Қазақстан жерінен бастау алып, оның аумағы арқылы ағатын, әрі қарай Өзбекстанға кететін Өгем өзенінің суын қайта бөлу болып табылады.

Бұл міндет аса өзекті болып табылады, себебі ОҚО-ның халық саны 700 мың адам болатын 4 ауданында (Қазығұрт, Сарыағаш, Мақтаарал және Шардара аудандарында) судың көлемі жөнінен болсын, сапасы жөнінен болсын едәуір тапшы екендігі қатты сезіліп отыр, өйткені онда халық пайдаланатын ашық су арналары санитариялық нормаларға сай емес.

Мемлекеттік органдардың ақпараты бойынша Өгем өзенінің суын бөлу жөніндегі ұсыныс ондаған жыл бойы өзбек тарапымен талқыланып келді және 2017 жылдың ақпан айында бөлінетін су көлемі жөнінде уағдаластыққа қол жеткізілді.

Осы айтылғанға байланысты, уәкілетті мемлекеттік органдарға Өгем өзенінің суын бөлу жөніндегі гидроқұрылыс мен топтық су бұру құрылысы мәселесін тездетіп шешуді тапсыруды өтінеміз.

Осы жобаны іске асыру Қазақстанның су балансын ұлғайту мәселесін шешуге және еліміздің ірі өңірін ауыз сумен жабдықтау сапасын арттыруға және оның ауыл шаруашылығы әлеуетін дамыту мәселелерін шешуге мүмкіндік береді.

Аталған жобаны іске асыру бойынша ықтимал мерзімдер мен қабылданатын шаралар туралы заңда белгіленген тәртіппен хабарлауды сұраймыз.

**Құрметпен,  
Қазақстан Республикасы  
Парламенті Мәжілісінің депутаттары**

**С. Қаныбеков**

**С. Омаров**

**Б. Жылқышиев**

**М. Махамбетов**

**И. Смирнова**

*Орынд.: М.Баєтов,  
746142*

№ исх: ДС-98 от: 06.04.2017

Оглашен 05.04.2017 г.

**Премьер-Министру  
Республики Казахстан  
Сагинтаеву Б.А.**

## **Депутатский запрос**

### **Уважаемый Бакытжан Абдирович!**

Как Вы знаете, водообеспеченность территории Казахстана является одной из самых низких среди стран евроазиатского континента.

В Послании Президента Н.Назарбаева «Стратегия «Казахстан-2050: новый политический курс состоявшегося государства» острый дефицит водных ресурсов назван в числе десяти глобальных вызовов XXI века.

В связи с чем, Правительству было поручено последовательно, на первом этапе, к 2020 году решить проблему обеспечения населения питьевой водой, на втором, к 2040-му – орошения, а к 2050 году навсегда решить эту проблему.

Кроме того, в ходе расширенных заседаний Правительства (*от 9 сентября 2016 года, 3 февраля 2017 года*) Глава государства неоднократно заострял внимание на вопросах эффективного накопления и использования водных ресурсов.

По инициативе Президента и с его участием проводятся переговоры с пограничными с Казахстаном Китаем, Россией, Узбекистаном, Киргизстаном по справедливому водodelению рек Иртыш, Хоргос, Урал, Сырдарья, Чу и ряда других.

Особенно это становится актуальным в рамках реализации утвержденной Президентом «Государственной программы развития агропромышленного комплекса на 2017-2021 годы», где поставлена задача восстановления поливных земель и обеспечение сельских территорий достаточным объемом воды.

Одним из возможных составляющих решения поставленной Главой государства задачи, является перераспределение стока реки Угам, берущей начало и протекающей по Южно-Казахстанской области, а затем уходящей в Узбекистан.

Эта задача является крайне актуальной, поскольку в 4-х районах ЮКО (Казыгуртском, Сарыагашском, Махтааральском и Шардаринском) с

численностью населения 700 тысяч человек испытывается значительный дефицит воды, как по количеству, так и по качеству, поскольку приходится использовать питьевую воду из открытых каналов, которая не соответствует санитарным нормам.

По информации государственных органов предложения по водodelению реки Угам на протяжении десяти лет обсуждается с узбекской стороной и в феврале 2017 года была достигнута договоренность по объемам распределяемой воды.

В связи с изложенным, просим поручить уполномоченным государственным органам ускорить решение вопроса по строительству гидросооружения по водodelению на реке Угам и группового водовода.

Реализация данного проекта позволит решить вопрос увеличения водного баланса Казахстана и повысить качество питьевого водоснабжения и решения вопросов развития сельскохозяйственного потенциала крупного региона нашей страны.

О возможных сроках и принимаемых мерах по реализации данного проекта просим сообщить в установленном законом порядке.

**С уважением,**

**депутаты Мажилиса Парламента  
Республики Казахстан**

**С. Каныбеков**

**С. Омаров**

**Б. Жилкишиев**

**М. Махамбетов**

**И. Смирнова**

*Исп.М.Баатов, 746142*